Автор: Атай Нұрсейіт Айтқалиұлы
Пән: Дүниежүзі тарихы
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері
Тақырып: Италия және Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсас болмады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.4 - әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтау; 7.3.2.5 - тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану
Сабақтың мақсаты:	Италия мен Германия ұлттық мемлекеттерінің қалыптасуының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология Рисорджиме́нто, оң қанат, сол қанат, консерватизм, демократия, жалпыға бірдей ерлердің сайлау құқығы, либерализм, баспасөз бостандығы, діни сенім бостандығы, бірігу еркіндігі,тәуелсіз сот,ұлтшылдық, ұлттық мемлекет, социализм , конфедерация Диалогқа/жазылымға қажетті сөз тіркестер Мемлекеттік әнұрандардың мәтіндеріне комментарий беру үшін қолданылатын сұрақтар: Мына жол .. қандай оқиғаларды суреттейді? Неліктен сіз осы сөзді таңдадыңыз? Неліктен сіздің тобыңыз мемлекеттік әнұранына енгізу үшін келесіні ... таңдады?
Күтілетін нәтиже:	ұқсастық пен айырмашылық
Бағалау критерийлері:	- Мәтінде екі мемлекеттің бірігу кедергілерінің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтап, кестеге толтырады; • Оқушылар Италия мемлекетінің бірігуіне қатысты сұрақты топта талқылайды; • Отто фон Бисмарктың айтқан сөзін (цитата) топта талқылайды;
Құндылықтарды дарыту:	- патриотизм; - өз еліне және өзге мемлекттердің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрмет таныту; -тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуға және бағалауға мүмкіндік беретін жұптық және топтық жұмыстарды қолдану; - жеке тұлғаның пікірін ескеру және әрбір ойдың құндылығын құрметтеу;
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Осы сабақта интербелсенді тақта және сабақ тақырыбы бойынша презентация пайдаланылады.
Пәнаралық байланыс:	География (Қазіргі Италия мен Германия тақырыптары бойынша)
Бастапқы білім:	Оқушылар 1848-1849 жылдардағы Еуропадағы революциялар тақырыбы бойынша алдыңғы бөлімдердегі және география пәнінде қарастырған білімдерін қолдана алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	(БЫМ) Италия мен Германия мемлекеттерінің бірігу алдындағы карталарын көрсетіп,ой талқыға шақыру. • Қай мемлекеттердің картасы? • Бүгінгі сабақ тақырыбы қандай мемлекеттер туралы болмақ? • Сабақта қандай мәселе қаралуы мүмкін? Сабақ тақырыбын, мақсаттар және бағалау критерийлерін анықтау	Презентация 1859 жылғы италиялық мемлекеттердің картасы: http://www.worldofcoins.ru/countries/italianstates_all.htm

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин)	М. Гарибальди мен Кавурдың портреттерін көрсетіп, ақпарат беру.(Гарибальди демократиялық республикашыл, ал Кавур либералдық монархист болған). Терминдер: Рисорджиме́нто, оң қанат, сол қанат, консерватизм, демократия, бірігу еркіндігі,тәуелсіз сот, ұлттық мемлекет, социализм , конфедерация. Ж. Германия мен Италияның бірігуіне кедергі болған қиындықтар тізімін тарату. Оқушыларға жұптаса отырып осы екі тізімдегі ортақ кедергілерді бір түспен, ал бір ғана мемлекетке қатысты кедергілерді басқа түспен бояту. Мәтінде екі мемлекеттің бірігу кедергілерінің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтатып, кестетолтырту. Айырмашылығы(Италия) Екі мемлекеттің ортақ ұқсастығы Айырмашылығы (Германия) Дескрипторлар: • Жұпта екі мемлекеттің бірігу кедергілерінің ұқсастығын анықтап, кестеде толтырады; • Жұпта екі мемлекеттің бірігу кедергілерінің айырмашылықтарын анықтап, кестеде толтырады; Т.Топтық талқылау ұйымдастыру. Неліктен 1861 жылы Гарибальди Италияның оңтүстігіндегі билікті Виктор II -Эммануил корольге тапсыруды шешті? Отто фон Бисмарктың «Уақыттың ұлы мәселелері көпшіліктің сөздері мен резолюцияларымен шешілмейді, бірақ темір қанмен шешіледі!»,-деген сөзіне топтық талқылау ұйымдастырту. Дескрипторлар: • Оқушылар Италия мемлекетінің бірігуіне қатысты сұрақты топта талқылайды; • Отто фон Бисмарктың айтқан сөзін (цитата) топта талқылайды;	Презентация Қосымша 1
Сабақтың соңы (10 мин)	Әр оқушы меңгерілген тақырып туралы алдынғы білім деңгейімен сабақта алған білім деңгейін салыстыра отырып өзін-өзі бағалайды және болашақта тақырыптарды толық меңгеру үшін қандай бағытта жұмыс жасау керектігін жоспарлайды.	презентация
Рефлексия (5)	1Рефлекси: Таразы стратегиясы.	презентация